«КЕЛІСІЛДІ»
қызметкерлерден

Кәсіподақ төрайымы
А.К Кондыбаева

«БЕКІТІЛДІ»
жұмыс берушіден

«Күршім ауылының
балабақшасының» меңгерушісі
Н.К Кудабаева

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы
бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
2024-2026 жылдарға арналған
**Еңбекті қорғау жөніндегі Келісім жоспары**

| *Іс-шаралардың атауы* | *Өткізу мерзімі* |
|---|---|
| **1. Ұйымдастырушылық шаралар** | |
| 1.1. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2015 жылғы 25-желтоқсандағы «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» № 1019 бұйрығына сәйкес еңбекті қорғау бойынша оқыту және білімдерін тексеру | Үнемі, нормативтер бойынша |
| 1.2. Қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс тәсілдері мен әдістеріне үйрету | Үнемі |
| 1.3. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды, жеке жұмыс түрлері бойынша және жеке кәсіптер бойынша әзірлеу, бекіту және көбейту.<br>Нұсқаулықтарды кәсіподақ органдарымен келісу. | Жыл сайын, 1-ші тоқсан |
| 1.4. Кіріспе нұсқаулықтарды және жұмыс орнындағы нұсқаулық жүргізудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және бекіту. | Жыл сайын, 10 қаңтарға дейін |
| 1.5. Бекітілген үлгі бойынша кіріспе және жұмыс орнындағы нұсқаулық жүргізуді тіркеу журналдарымен қамтамасыз ету | Жыл сайын, 10 қаңтарға дейін |
| 1.6. Ұйымдарды еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілермен қамтамасыз ету. | Тұрақты |
| 1.7. Ұйымдағы кәсіптер мен жұмыс түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту:<br>- алдын-ала және мерзімдік медициналық тексеру қажет қызметкерлер;<br>- жоғары қауіпсіздік талаптары қойылатын қызметкерлер;<br>- арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және өзге де жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілетін қызметкерлер;<br>- қауіпті және зиянды еңбек жағдайында жұмыс істегені үшін өтемақы берілуі тиіс қызметкерлер;<br>- сабын және басқа да залалсыздандыру құралдары берілуі тиіс қызметкерлер | Үш жылда бір рет |

| | |
|---|---|
| 1.8. Ғимараттар мен өзге де құрылғыларды қауіпсіз пайдалануға сәйкес болуға жалпы техникалық бақылау жүргізу | Жылына 2 рет: наурыздың алғашқы онкүндігі, тамыздың 3-ші онкүндігі |
| 1.9. Еңбекті қорғау жөніндегі комиссияны ұйымдастыру | Жыл сайын, 1-ші тоқсан |
| 1.10. Еңбекті қорғау жөніндегі әкімшілік-қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу | Жыл бойы тұрақты |
| 1.11. Қызметкерлердің еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеру комиссиясын ұйымдастыру. | Әр жылдың қаңтар айы |
| **2. Техникалық шаралар** | |
| 2.1. Су және газды өндірістік коммуникациялар мен құрылғыларды қауіпсіз пайдалану мен апаттық қорғауды қамтасыз ету мақсатында сақтандыру, қорғау және сигналдаушы жабдықтарды орнату | Қажеттілікке байланысты |
| 2.2. Қызметкерлерді қауіпті және зиянды өндірістік факторлар әсерінен қолданыстағы ұжымдық қорғау жабдықтарын жетілдіру | Тұрақты |
| 2.3. Жұмыс орындарын, тұрмыстық бөлмелерді, жаппай өту орындарын, аумақты жарықтандыру жөніндегі нормативтік талаптардың орындалуын жақсарту мақсатында жарық беруші арматура, қолдан жарықтандыру құрылғыларын орнату | Қажеттілікке байланысты |
| 2.4. Өндірістік жабдықтарға, коммуникациялар мен басқа да нысандарға сигналдық түстер мен қауіпсіздік белгілерін түсіру | Қажеттілікке байланысты |
| 2.5. Нормативтік санитарлық талаптарды, құрылыс нормалары мен ережелерін орындау мақсатында ғимараттарды (өндірістік,әкімшілік, қойма және т.б) жаңарту | Тұрақты |
| 2.6. Ғимараттардың электр жүйелерінің қауіпсіз пайдалануға сәйкес болуы үшін сымдарды оқшаулау және жерге тұйықтау (нөлдеу) сынағын жүргізу | Нормативтерге сәйкес |
| **3. Емдеу-профилактикалық және санитарлық-тұрмыстық шаралар** | |
| 3.1. Қызметкерлерді алдын–ала және мерзімдік медициналық тексеру | Жылына 1 рет, қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін жылына 2 рет |
| 3.2. Қызметкерлерге демалыс бөлмелерін жасау | Тұрақты |
| 3.3. Санитарлық бекеттерді жабдықтау және оларды алғашқы медициналық көмек дәрі қобдишаларымен қамтамасыз ету | Жарты жылда 1 рет |
| 3.4. Санитарлық-тұрмыстық бөлмелерді қайта құру және жабдықтау (гардероб, санитарлық торап, арнайы киімдерді сақтау және тарату бөлмелері) | Шарттың әрекет ету мерзімі ішінде |

| 4. Жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету шаралары | |
|---|---|
| 4.1. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің 2015 жылғы 28-тамыздағы «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы»№ 697 бұйрығына сәйкес арнайы киім, арнайы аяқ киім мен басқа да жеке қорғану құралдарын беру | Нормативтерге сәйкес |
| 4.2. Қызметкерлерді бекітілген нормаларға сәйкес сабынмен, жуу және залалсыздандыру заттармен қамтамасыз ету | Нормативтерге сәйкес |
| 4.3. Электр тогынан сақтаушы жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету (диэлектрлік қолғаптар, диэлектрлік төсеніштер, оқшауланған саптары бар құралдар) | Нормативтерге сәйкес |
| 5. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі шаралар | |
| 5.1. Өрт қауіпсіздігінің ережелері негізінде кәсіподақ комитетімен келісе отырып өрт қауіпсіздігі шаралары бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу, бекіту | Жылдың 1-ші тоқсаны |
| 5.2. Өртке қарсы нұсқаулық жүргізуді тіркеу, жұмыс орнындағы өртке қарсы нұсқаулық жүргізуді, сондай-ақ өрт сөндірудің алғашқы құралдарын тіркеу журналдарымен қамтамасыз ету | Әр жылдың 10 қаңтарына дейін |
| 5.3. Ұйымдарда өрт жағдайында адамдарды көшіру нұсқаулықтары мен жоспар-схемасын әзірлеу және қамтамасыз ету. | Жыл сайын, 1-ші тоқсан |
| 5.4. Өрт сөндіру шкафтары мен оларды өрт сөндіру жабдықтармен толтыру | Қажеттілікке байланысты |
| 5.5. Ұйымды өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен қамтамасыз ету (құм, су сорғыш, өрт сөндіргіш және т.б.) | Тұрақты |
| 5.6. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді өрт қауіпсіздігі шараларына оқытуды ұйымдастыру және барлық персоналды көшіру бойынша жаттығу шараларын жүргізу | Оқыту жоспарына сәйкес |
| 5.7. Ағаш құрылғыларды өрттен қорғауды қамтамасыз ету | Қажеттілікке байланысты |
| 5.8. Қосалқы шығу жолдарын жарамсыз жиһаздарды сақтаудан босату. | Тұрақты |

*Үлгі*

**Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне арналған ЖАДЫНАМА**

Мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіздікті білім беру ұйымының басшысы мен қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Әрбір қызметкер келесіні білуі және есте сақтауы тиіс!!!

Күтпеген жағдайлар туындағанда:

- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- болған жағдай туралы әкімшілікке хабарлау, жазатайым жағдайда қажет болғанда алғашқы көмек көрсетіп үлгеру;
- 101 – өртке қарсы қызмет, 102 – полиция, 103 –жедел жәрдем, 104 – газ қызметі – жедел қызметтеріне хабарлау қажет.

Балаларды ересектердің қараусыз қалдырмаңыздар, сонымен бірге күндізгі ұйқы кезінде балалардың жанында ересектердің болуы міндетті.

Балаларды ата-аналарынан қабылдаңыздар.

Балаларды бейтаныс адамдарға, 18 жасқа дейінгі адамдарға, ата-аналарынан жазбаша рұқсат қағазы жоқ адамдарға ертіп жібермеңіздер.

Балалардың топтан шығып кетпеуін қадағалаңыздар.

Балалардың арасында даулы жағдайларды және балалардың жарақаттануын болдырмау үшін балалардың іс-әрекетін тиімді ұйымдастырыңыздар.

Балаларды санитарлық тораптарды, кір киімдерді, тұрмыстық қалдықтарды жинастырумен байланысты еңбекке тартуға қатаң тыйым салынады.

Балалардың үйден тағам, қымбат заттар әкелуіне тыйым салынады.

Әкімшіліктің рұқсатынсыз және нұсқау алусыз балабақшаның ауласынан тыс жерлерге экскурсиялар мен серуендерді ұйымдастыруға тыйым салынады.

Бөлмелерді балалар болмаған кезде желдетіңіздер.

Терезелерді тексеріңіздер, терезелердің тұтқаларын бұғаттаңыздар.

Топ бөлмелерінде улы және тікенді өсімдіктерді ұстауға болмайды.

Шанышпалы, өткір заттарды, дәрі-дәрмектерді, зарарсыздандыру құралдарын балалардың қолы жетпейтін, жабық орында сақтаңыздар.

Шамдар, электр розеткалары, ажыратқыштар, суреттер, жиһаздар, стационарлық балалар құралдары, радиаторлар, гүлдерді қоятын тұғырлар және т.б. жақсы бекітілген және орнықты болуы тиіс.

Сырғанақтар, сатылар, құм салғыштар және т.б. құрал-жабдық жарамды күйде және орнықты болуы қажет.

Ас бөлмесінен тамақты балалар дәлізде болмаған кезде алыңыздар.

Ыстық тағамды, су мен басқа ыстық заттарды балалардың ұстауына, көтеріп әкелуіне тыйым салынады.

Топторға таратылсын

Педагог қызметкерлерге педагогикалық этика міндеттерін және нормаларын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда ескерту жасалады немесе бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды тұлғаның өз міндеттеріне ұқыпсыз немесе адал қарамауы салдарынан міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл білім беру процесі кезінде білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің және қызметкерлерінің денсаулығына жеңіл зиян келтіруіне әкеп соқса, елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің (субъектілерінің) құқық қорғау органдарына білім беру ұйымдарында құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) жасау фактілері туралы жасыруы, сол сияқты хабарламауы, сондай-ақ білім беру ұйымдарынан тыс жерде тәрбиеленушілердің құқыққа қарсы әрекеттерді (әрекетсіздік) жасау фактілері туралы белгілі болса, егер ол әрекеттер қылмыстық жазалау әрекеттеріне енетін болса, жеке тұлғаларға бес айлық мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Білім беру ұйымдары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын сақтамаған жағдайда лауазымды адамдарға он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

409-баптың бірінші-алтыншы бөліктерінде көрсетілгендей, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс – әрекеттер (әрекетсіздік) – рұқсат беру құжаттарынан айырып, жеке тұлғаларға жиырма, лауазымды адамдарға отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

409-баптың төртінші бөлігінде көрсетілгендей, қызметін хабарлама тәртібімен жүзеге асыратын білім беру ұйымы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекеті үшін қызметі тоқтатылады және лауазымды адамдарға отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады («Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 409-бабы.)

Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді педагогтің немесе басқа қызметкердің дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамауы жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не жүз жиырма сағатқа дейінгі уақытқа қоғамдық жұмыстарға тартуға не отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу түрінде жазаланады (ҚР Қылмыстық кодексінің 140-бабы).

екінші жамасы таратылды. 02.09.2024

1 Рустемова. Ш.Т. Рус

2 Шайнуратова. Ж.Б. Ж

3 Ерменова. А.А. Ерм

4 Мустафинова Ж.Б. Мус

5 Тукушова. Л.К. Тук

6 Заданова. И.М Заданова

7 Кайшентаева Т.М. Тай

8 Бердаулетова. Г.К. Бер

9 Камиотжию А.Б. Кам

10 Муратова. Ұ.Б. Мур

11 Нуриюене. Ұ.Ұ. Нур

12 Юсупова. Ш.Т. Юсу

13 Курмангалиева А (психолог) Қту

14 Адылбекова А (әдіскер)

15 Кудабаева Н.К (меңгеруші) Кудабаева

16 Колдашева М.М (медбике)

17 Қондыбаева А.К (тәрбиеші)

18 Багдатбекова Алия (тәрбиеші)

19 Морланг Кристина (тәрбиеші)

20 Джаксентова Эльвира (тәрбиеші)

21 Юдиповч А.А (Ассистент)

22 Сорсембаева Ассистент

23 Кабдуева Ассистент

БЕКІТЕМІН: ____________
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
Білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы»
КМҚК меңгерушісі
Н.К Кудабаева
«02» 09 2024

## МДҰ - ғы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық

### 1. *Жалпы қауіпсіздік талаптары*

Педагог сабақ пен педагогикалық қызметтің басқа түрлерін өткізгенде мыналарды білуі және орындауы тиіс

- балабақшада болған кезде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты (балабақша үй-жайындағы сабақ өткізгенде, ойын, еңбек, ойын-сауық және басқа педагогикалық қызмет барысында);
- мектепке дейінгі ұйымның үй-жайларын ұстаудың санитариялық нормалары мен қағидаларын;
- өрт қауіпсіздігі қағидаларын (өрт шыққан жағдайда балаларды шығару жоспарын, алғашқы өрт сөндіру құралдары орналасқан жерді білуі; өрт сөндіргішті қолдана білуі, топта өрт шыққан жағдайда және төтенше жағдайда балалар мен ересектерді қорғау үшін тізімдер мен жеке қорғаныс құралдары болуы тиіс);
- зардап шегушіге алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша нұсқаулықты.

Тәрбиешіні ауыстыру кезінде (аз немесе қысқа уақытқа) балабақша педагогтары мен қызметкерлері балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қажет болғанда оларды құтқару және шығару міндеттерін өз мойнына алуы тиіс.

Білім беру процесін ұйымдастырғанда балаларды келесі қауіпті әрі зиянды факторлардың әсерінен қорғау керек:

- балалар жиһазын дұрыс таңдамау (бұл мүсіннің бұзылуына, омыртқаның қисаюына, сығырлықтың асқынуына әкелуі мүмкін);
- «кітап бұрыштарының», үстелүсті ойындарына арналған бұрыштардың, бейнелеу өнері бұрыштарының жеткіліксіз жарықтандырылуы және дұрыс орналастырылмауы балалардың көру қырағылығының бұзылуына әкелуі мүмкін;
- топта болған кезде бөтен шудың, қатты ойнап тұрған музыканың болуы және қатты сөйлеу есту өткірлігінің бұзылуына себеп болуы мүмкін;

Таратылып берілді топтарға Кудабаева

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ БАЛАБАҚШАСЫ» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

«Коммунальное государственное казенное предприятие «ДЕТСКИЙ САД СЕЛА КУРЧУМ» отдела образования по Курчумскому району управления образования Восточна-Казахстанской области»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

« 05» қаңтар 2026 № 1

Күршім ауылы с.Курчум

**Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлерді лауазымдық міндеттері мен еңбекті қорғау жөнінідегі нұсқамалықты өткізу туралы**

«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» саласындағы ҚР Еңбек Кодексін өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Жұмысқа барлық жаңадан қабылданғандар және уақытша қызметкерлерде жатады. Нұсқамалықты өткізуге жауапты Н.К Торгаева тағайындалсын.
2. Белгіленген бағдарлама негізінде Кіріспе нұсқамалықтың өткізілгендігі журналға жазылсын.

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі:** **Н.К Кудабаева**

Таныстым: Н.К Торгаева

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ БАЛАБАҚШАСЫ» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**«Коммунальное государственное казенное предприятие «ДЕТСКИЙ САД СЕЛА КУРЧУМ» отдела образования по Курчумскому району управления образования Восточна-Казахстанской области»**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

«05» қаңтар 2026 №1/1

Күршім ауылы с.Курчум

**Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау туралы**

ҚР 2015.23.11 № 414-V Еңбек кодексінің 182-б. сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әдіскерге К.Г Бердаулетоваға мынадай жауапкершілік жүктелсін:
- БҰ-да қауіпсіз оқу-тәрбие процесін өткізу үшін;
- БҰ ғимаратын қауіпсіз пайдалану, қызмет педагогтардың жұмысын қауіпсіз ұйымдастыруын, ҰОІӘ дұрыс ұйымдастыру, тұрмыстық және қосалқы үй-жайлардың санитариялық-гигиеналық жай-күйін қадағалау, БҰ қызметкерлеріне 6 айда кемінде бір рет нұсқама өткізу;
- Алғаш қабылданған педагогты еңбек қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаманы тіркеу журналына жаздырту

2. Шаруашылық істері жөніндегі меңгерушіге Н.К Торгаеваға мынадай жауапкершілік жүктелсін:
- электр қондырғылары мен жерге қосу құрылғыларының электр сымдарының оқшаулау кедергісін жыл сайын тексерту, орталық жылыту жүйесін мерзімді қадағалау, тыныс-тіршіліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нормалар мен қағидаларға сәйкес үй-жайларда жарықтандыруды ұйымдастыру;
- қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларының талаптарына жауап беретін үй-жайларды жабдықтармен және керек-жарақпен қамтамасыз ету ;
-тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- арнайы киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын сатып алу және беру
- өртке қарсы жабдықтардың, медициналық құралдардың және жеке қорғаныс құралдарының болуын, көрнекі үгіт пен қажетті нұсқаулықтардың болуын бақылау.

3. БҰ педагогтеріне мынадай жауапкершілік жүктелсін
- Еңбекті қорғау нормалары мен ережелеріне сәйкес топтарда балалардың өмірі мен денсаулығын, бос уақытын және ұйқысын, тамақтануының қауіпсіздігін сақтау.
- МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықты бсашылыққа алу

**ШҚО білім басқармасы**
**Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің**
**«Күршім ауылының**
**балабақшасы»**
**меңгерушісі:** **Н.К Кудабаева**

**Бұйрықпен таныстық және келісеміз:**

_______________/ Бердаулетова Г.К ;
(қолы) (*Т. А. Ә.*)
_______________/ Торгаева Н.К .
(қолы) (*Т. А. Ә.*)

Педагогтерге МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық таратылып таныстырылды.

КЕЛІСІЛДІ ______________
кәсіподақ комитетінің төрайымы

«05» сәуір 2026 ж.

БЕКІТЕМІН ______________
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
"Күршім ауылының балабақшасы" КМҚК
меңгерушісі
«05» сәуір 2026 ж.

**Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тәрбиешілерге арналған**
**№___ НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Тәрбиеші топтағы әрбір баланың өмірі мен денсаулығы үшін жеке жауапкершілікке ие, жауаптылықпен қарау.
2. Ол қандай жағдайларда болмасын балаларды қараусыз қалдырмауға тиіс.
3. Жарақаттанудың алдын алуға көңіл бөле отырып, режимдік сәттердің бәрінде де баланың мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асырған жөн.
4. Балалардың қауіпсіздігін сабақтар, ойындар, серуендер, сауықтыру шараларын өткізген кезде; үй-жайлардың ішінде, мектепке дейінгі ұйымның (бұдан әрі – МДҰ) аумағы мен одан тысқары жерлермен (іс-шараларды өткізген кезде) жүрген кезде қамтамасыз ету қажет.
5. Балалардың МДҰ-ның учаскесі мен аумағынан тыс жерлерге өз бетінше кетіп қалуға жол бермеу.
6. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда оны іздестіруді дереу ұйымдастыру, МДҰ-ның басшысы мен баланың ата-аналарына хабарлау.
7. Балаларды үйлеріне жалғыз жібермеу.
8. Балаларды бөтен адамдарға, кәмелетке толмаған балаларға, мас күйіндегі адамдарға бермеу.
9. Егер баланы ата-анасы болып табылмайтын адам алатын болса, онда ата-анасы және сенімді тұлға қол қоятын сенімхат ресімдеу қажет.
10. Серуендеуге арналған жерлерде шаншылатын және кесетін заттардың, улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың, тікенді ағаштардың бар-жоқтығын алдын ала тексеріп алу.
11. МДҰ-дан тыс іс-шараларды өткізу кезінде тәрбиеші өзімен бірге алып жүретін балалардың санын дәл білуге міндетті. Қандай да бір себеппен қалып қойған балалар туралы мектепке дейінгі мекеменің басшысына ескерту қажет.
12. МДҰ-ның аумағынан тыс жерлерге серуендер мен экскурсиялар өткізу жөніндегі нұсқаулықты қатаң сақтау.
13. Ересек адамдардың жұмысы үшін қажет, балалар үшін өткір және қауіпті заттарды (инелер, түйреуіштер, қайшылар, қыстырғыштар, жуатын және залалсыздандыратын құралдар және басқалар) қол жетпейтін жерлерде сақтау.
14. Сабақтар өткізген кезде қауіпсіздік техникасы (ҚТ) талаптарын сақтау.
15. Бекітілген нұсқаулықтарға сәйкес балаларды ҚТ ережелеріне үйрету және нұсқама өткізу.
16. Жылдың ыстық мезгілінде балалар күн өтіп кетпес үшін жеңіл баскиімдер киюі тиіс.
17. Балаларды бассейнге шағын топтармен (8 адамнан көп емес) түсіру. Тәрбиеші балалармен бірге суда болуы тиіс.
18. Күн ваннасын қабылдауды медбикенің тағайындауымен және бақылауымен ғана өткізу.
19. Кенеттен ауырып қалған немесе жазатайым оқиға болған кезде алғашқы жәрдем көрсете білу.
20. Бала кенеттен ауырып қалған, жарақат алған кезде немесе жазатайым оқиғаға душар болғанда МДҰ-ның басшысы мен медбикеге дереу хабарлау қажет.

21. Топ бөлмесіндегі балалар жабдықтары, портреттер, суреттер, шкафтар, сөрелер қабырғаға немесе еденге бекітілуі тиіс.
22. Қабырғаға балалардың бойлары жететін деңгейге дейін ілмектер, шегелер қақпау.
23. Үй-жайларды безендіру үшін батырмаларды, инелерді, бекіткіштерді және де басқа өткір заттарды пайдаланбау.
24. Еденге немесе қабырғаға бекітуге болмайтын, бөлме өсімдіктеріне арналған тұғырықтың және де басқа жабдықтардың беріктігін тексеру.
25. Гүлдер отырғызылған құмыраларды баспалдақ алаңшаларына, шкафтарға, қабылдау бөлмесіне, дәретханаларға қоймау.
26. Эвакуациялық шығу есіктеріне заттар үймеу. Олар тек ішінен ғана, балалардың бойынан биік деңгейдегі оңай ашылатын ысырмамен жабылуы тиіс.
27. Балаларды алып шығу жоспары бойынша өзі атқаратын міндеттерді білуі.
28. Өрт және сейсмикалық қауіпсіздік ережелерін білу және орындау.
29. Өрт сөндірудің бастапқы құралдарын пайдалана білу, өрт шыққан жағдайда балаларды құтқару жөнінде қажетті шаралар қабылдау.
30. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты білу және оны қатаң сақтау.
31. Осы нұсқаулықты білу және оны орындау.

**КЕЛІСІЛДІ**

**Еңбекті қорғау жөніндегі инспектор**

**Торгаева Н.К** Торгаева

«05» қаңтар 2026 ж.

**Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым**

1. Джансеитова Ж
2. Тлеужанова А
3. Қондыбаева А
4. Калиғожина А
5. Морлан К
6. Тукушова А
7. Рустемова Ш
8. Задонова К
9. Ерменова А
10. Мустафина Ж
11. Нурғазина К
12. Абылғожина К
13. Рафисова А
14. Камалова Ж
15. Нурғазина К.К.
16. Байрақтова Г.К
17. Жанова Ж.З.
18. 
19. 
20. 

«__» ________ 2026 ж.

**ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ С ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ПРОМБЕЗОПАСНОСТЬ И ОХРАНА ТРУДА"**

ПРОТОКОЛ № 5/2

«31» мая 2024 г.

г. Усть-Каменогорск

Комиссия в составе:

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИССИИ:
**МУСИН АРХАТ ЕДИЛЕВИЧ** – Директор ТОО «Промбезопасность и охрана труда»

ЧЛЕНЫ КОМИССИИ:
**МУСИН ЕДИЛ СЕРГЕЕВИЧ** – Преподаватель ТОО «Промбезопасность и охрана труда»
**ЮРЛОВ ВАЛЕРИЙ ЛЕОНИДОВИЧ** – Преподаватель ТОО «Промбезопасность и охрана труда»

На основании приказа № 5 от 31 мая 2024 года приняла экзамен и установила: «Безопасность и охрана труда»
*(вид проверки знаний (периодический, повторный)*

| № п/п | Фамилия, имя, отчество | Наименование организации | Должность | Отметка о проверке знаний (прошел, не прошел) | Примечание |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Кудабаева Назым Кокешевна | КГКП «Детский сад села Курчум» отдела образования по Курчумскому району управления образования ВКО | Заведующая | Прошла | |
| 2 | Торгаева Назгуль Казбековна | КГКП «Детский сад села Курчум» отдела образования по Курчумскому району управления образования ВКО | Завхоз | Прошла | |

**Председатель комиссии** _______________ **Мусин А.Е.**

**Члены комиссии** _______________ **Мусин Е.С.**

_______________ **Юрлов В.Л.**

КР, ШҚО, Өскемен қаласы, «Промбезопасность и охрана труда» ЖШС, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ТОО «Промбезопасность и охрана труда»
Промбезопасность и охрана труда